

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттамма №1

Күні: 20.08.2021ж

Қатысқандары: 9

Қатыспағаны: 4

Шақырылғандар: Қайржанова А.З., мектеп директоры, Құсанова Э.Қ. ДОДЖО, Кива Е.Н., ДШЖО, Шайдуллина А., әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп-гимназияның жаңа оқу жылына дайындығы туралы. Қайржанова А.З.
2. Қамқоршылық кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. Кузнецова Д.
3. Мектепке жол акциясы. Шайдуллина А.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша мектеп директоры айтып өтті:

«Құрметті ата аналар биылғы оқу жылы оңай болайын деп тұрған жоқ, себебі оқушылар саны көбейіп, сынып комплектісі қосымша ашылды. Сонымен қатар жаңадан мұғалімдер қабылданып жатыр. Оқушылар саны екі есеге артты деуге болады. Жаңа оқу жылында сыныптар бөлінбейді, барлығы бірге отырады. Оқушы санына қарай оқу кабинеттері бөлінді. Барлық санитарлық норманы сақтаймыз. Бір қуантары біздің мектепте әр сыныпта елу екі кварц орнатылған. Тек уақытында қосып отыру керек. Маска тағы режимі сақталады. Әр сыныпта әжетханаларда санитайзерлер орналастырылды. Бала саны көп болғандықтан кезекшілік мәселесі қарастырылады. Былтырғыдай емес сабақ кестесіне сай барлық сабақтар өткізіледі және қырық бес минут ұзақтылығы сақталады. Сондықтан сабақтың басталуы бірінші кезең 8.00, екінші кезең 14.00.»

Сонымен қатар қосымша өткізілетін үйірме жұмыстары, спорттық секциялары қалай өтетіні туралы тоқталып өтті. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі көтеріліп, мәліметтер берілді.

Қабылданған қаулы: Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2 мәселе бойынша Кузнецова баяндады:

«Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры атап өткендей биылғы оқу жылында өзгерістер көп. Әдеттегідей жаңа оқу жылында төрт отырысымызды өткіземіз деп ойлаймын. Бала аны өбейіп отыр дегесін, және де тамақтану асханада үш мезгіл болады, толық күн режимі сақталғасын, өте сапалы тамақтануды қамтамасыз етуіміз керек. Келіп жатырған отбасылардың әлеуметтік жағдайын білмейміз, мүмкін, мектебіміз бойынша көмекке мұқтаж отбасылар болуы мүмкін. Оларға көңіл бөлуіміз керек»

Мектепте ұйымдастырылатын барлық шараларға отбасыларды қатысуға шақырды.

Қабылданған қаулы: Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы мен жоспары бекітілсін.


3 мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагог сөйледі:

«Құрметті ата аналар қамқоршылық кеңестің негізгі қызметі қайырымдылық екенін білеміз. Өткен жылы сіздердің қолдауларыңызды сезіндік. Мектепішілік шараларда белсенділік көрсеттіңіздер. Әр жыл сайын ұйымдастырлатын мектепке жол акциясы жалғасын таппақ. Мектеп басшымыз айтқандай, жаңа отбасы саны көбейіп жатыр, әлеуметтік жағдайы анықталып жатыр. Мүгедек, жекелеге санаттағы балаларда болуы мүмкін. Ол туралы мәлімет жинақталғасын қосымша айтылады. Жеке санаттағы балалар назардан тыс қалмай, акция аясында сіздердің қолдауларыңызбен көмек алады деп жоспарлаймыз. Мектепке жол акциясы былтыр жыл бойы жүргізіліп, №17 мектептің көмек қажет ететін отбасыларына берген болатынбыз.»

Қабылданған қаулы: Мектепке жол акциясы және басқа да көмек түрлеріне жәрдемдесу қолға алынсын.

Төрайым:

Хатшы:



Кузнецова Д

Жалмұханова А